

Қолдау барда
өрлеу бар
2-бет



«Үшінші сектордың»
үлесі зор
4-бет



«Шебердің
қолы ортақ»
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 2 ҚАРАША, 2024 ЖЫЛ №123 (23 445)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

ӘКІМ САҒАТЫ

Жан-жақты сауалға – салмақты жауап

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев саясатының маңызды элементтерінің бірі және Әділетті Қазақстанды құруда маңызды роль атқарады. «Азаматтардың, халықтың барлық өтініш-тілектерін жедел түрде әрі тиімді қарастыратын тұжырымдаманы іске асыру, барлығымызға ортақ міндет», – деген Мемлекет басшысы билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болатынын қадап айтқан болатын өз Жолдауында. Халықпен тиімді кері байланыс орнату және тұрғындардың өтініш-тілектерін жинап, қарастыру ғана емес, айтылған мәселелерді дер кезінде шешіп, нәтиже шығару мақсатында шенеуніктердің халықпен тікелей кездесуі бұл күні ешкімге таңсық емес. Одан бөлек, әкімдер қазір әлеуметтік желіде белсенді. Халықпен пікірлесіп, олардың басынасына өздері тікелей жауап береді. Кейінгі жылдары «Әкім сағатын» өткізу де үрдіске айналып, тұрғындар тікелей эфир кезінде аймақ басшысына сауалдарын жолдап, қандай да бір түйткілді мәселенің шешіміне қатысты жауабын алып жүр. Билд да SARYARQA телеарнасының тікелей эфирінде облыс тұрғындары бір сағат көлемінде өңірдегі ахуал жайлы аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың өз аузынан естіп, көкейдегі сұрақтарын телефон және WhatsApp мессенжері арқылы жолдау мүмкіндігіне ие болды.

Салтанат ЛШИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көзге көрінбесе де, оң өзгерістер бар»

Көрермендерден сұрақ келіп түскенше, Ермағанбет Қабулаұлы жыл бойы облыста атқарылған жұмыстарға шолу жасап өтті. Айтуынша, Қарағанды жылды жақсы аяқтайды. Әсіресе, экономикалық тұрғыдан өсім жоғары. Одан бөлек, жұмыссыздық мәселесі де оң нәтиже бере

бастаған. Қазақстан бойынша ең төмен – 4,1 пайыздық көрсеткіш дәл біздің өңірде екенін де айту керек.

Қазақстан өндірісінің қара нары ретінде ел экономикасында ойып тұрып орын алатын Қарағандыдағы ең ірі өндіріс орны – Qazmet акционерлік қоғамы екені белгілі. Еліміздегі ең ірі металлургия зауыты кейінгі жылдары ірі жобаларды қолға алып, ауқымды бастамаларды атқарып жатқанын көріп те, біліп те жүрміз. Компанията бұрынғы даңқын қайтарып, оны



Қазақстанның әрбір тұрғыны мен зауыт жұмысшысының мақтанышына айналдыруды мақсат етіп, өз ұстанымына айналдырған кәсіпорын қазір заманауи технологиялардың, жоғары өнімділіктің және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қара-

удың экокүйесіне айналған. Бұрынғымен салыстырғанда, компаниядағы жағдай әлдеқайда жақсарғанын аймақ басшысы да айтып отыр. Ал, ең бастысы – тұрақтылық. – Qazmet – белгілі бір проблемалары бар, қарызы бар үлкен компания. Қазір

өндірістік көрсеткіштер 21 пайызға дейін өсті. Бұл бізді қуантады. Дегенмен, өндірісті модернизациялау үшін үлкен инвестициялар қажет. Сондай-ақ, кеншілердің қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі.

► 3-бет

Отандық өнім әлемдік нарыққа шығады

Инвестициядан игілік сезінген серіктестік. Саран индустриалды аймағына айтарлықтай серпін беріп отырған кәсіпорын. Өнім көлемін өсіруді жоспарлаған өндіріс орны. Тұрмыстық техникалары ел нарығынан, экспортқа шығып үлгерген «Silk Road Electronics» ЖШС-дегі шаруа қауырт қазір. Тапсырыс көлемі күн өткен сайын көбейіп келеді. Оның үстіне, әлемге әйгілі бренд қалыптастырған алпауыт компаниялармен келіссөздер жүргізіліп жатыр.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саран серпілісі

Бұл – Саран қаласына серпін берген ірі жобалардың бірі. Бұрын монокала болып келген Саран жақында ол тізімнен

шықты. Өйткені, өркен жайған түрлі өндіріс ошағы сәйкесінше сарандықтардың экономикалық-әлеуметтік дамуына оң динамика берді. Оны айтпай өтуімізге тағы болмайды. Тіпті, Үкімет мұндағы іргелі кәсіпорындарды көпке үлгі қылып, тәжірибе алу керектігін және атап өтті.

► 5-бет



Президент тапсырмасын
орындай отырып...

Мемлекет басшысының өзі өңірімізге жасаған кейінгі сапарында біз жазғалы отырған «Silk Road Electronics» кәсіпорнына арнайы ат басын бұрып, тыныс-тіршілігімен танысқан еді.

Сонымен, өңір экономикасына серпін берер тың жобаның құны шамамен 25 млрд теңгені құрайды. Оның 5 млрд теңгесі – Ұлттық қордың қаражаты. Кәсіпорын бұрынғы «Қарағанды резинатехника» зауытының базасында орналасқан. Компания қаңырап бос қалған ғимаратты қайта қалпына келтіру жұмысына екі жыл уақыт сарп еткен.

Бағдарлы баға, сенімді сапа

Зауыттың ішіндегі сартылдаған шаруадан бөлек, сырт келбетінің өзі көз тартады. Жалпы ауданы 61 мың шаршы метрден астам өндіріс аймағында түрлі цех жұмыстары ретімен жолға қойылған. Оның ішінде эмальдау және ұнтақты бояу цехы, термопласт-автомат цехы секілді өндірістің негізгі күшін құрайтын аймақ бар. Кәсіпорын басшылығы жақында жаңа көбік пластик өндіру цехын іске қосуды жоспарлап отыр.

► 5-бет

БАСПАСӨЗ – 2025

Уақытпен үндес қадам



Қадірменді оқырман! Еңбеккер аймағымыздың тыныс-тіршілігін тамыршыдай тап басқан, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын дестелі дәстүрімен айқындап баяндайтын Арқаның басты ақпарат құралдарының бірі – өзіміздің «Ortalyq». Иә, бүгінде толасыз жаңалық ағынының бел ортасында жүріп-ақ, қоғамдық өмірдегі маңызды оқиғалардан ұдайы хабардар бола білу де – әр азаматқа бір талап. Әлбетте, шежірелі Шет ауданының әкімі ретінде, осы басылымның әр санын мұқият қадағалап оқып, ауданымыздың дамуына қатысты мәселелер мен жаңалықтарды қалт жібермеймін.

Әл-әзір «Ortalyq Qazaqstan» газетіне жазылу бұрынғыдан да ыңғайлы болып

шықты. Бек қуаныштымыз! Банк қосымшасының көмегімен QR-кодты телефонның ақсер экранынан зыр еткізіп, сіз жылдам әрі қауіпсіз түрде жазыла аласыз. Тың тәсіл – уақытыңызды үнемдейтін, ақпаратқа лезде қол жеткізетін тамаша мүмкіндік.

Ауданымыздың әрбір тұрғынына осы игілікті пайдаланып, газеттің оқырманы болуға кеңес беремін. Осы қадаммыз біртұтас қоғамымыздың ортақ мәселелеріне үн қосып, өңір өміріне бей-жай қарамайтын белсенді азаматқа айналуымызға игі ықпал етеді.

«Ortalyq Qazaqstan» газеті Сіздің сенімді серігіңіз болсын!

Мұхит МҰХТАРОВ,
Шет ауданының әкімі

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері
(жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылулар үшін	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»
ГАЗЕТІНЕ



ARҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 530.54

•USD/KZT 488.26

•RUB/KZT 5.03

•CNY/KZT 68.59

Қазақстан Ұлттық Банкінің
1 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қолдау барда өрлеу бар

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Балқаш қаласының экономикалық жағдайымен, мемлекеттік бағдарламалар аясында жүргізіліп жатқан құрылыстармен танысып, бірқатар нысандардың ашылуына күзгер болды.

Нүрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен облыс басшысы Балқаштағы көріз желілерін, сумен және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды көрді. Жыл басында жөндеу жұмыстарын қолға алу туралы шешім қабылданған. Өйткені, құбырлардың тозығы жеткен. Сумен және жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту – Балқашта басым бағытқа ие болып отыр. Себебі, бүгінде қаланың кейбір учаскелерінде коммуналдық желілердің тозуы 75 пайызға дейін жеткен. Бүгінде қалада магистральдық жылу желілерін қалыпқа келтіру бойынша ауқымды жұмыстар жалғасуда. Сондай-ақ, магистраль ішіндегі және орамшылдық жылу желілерін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Биыл 25 шақырым жөндеді. Осылайша, қаладағы желілердің тозуы 75 пайыздан 65 пайызға дейін төмендеді. Жаңарту жұмыстары жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға және жүйеде қысымды арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, қаланың шалғай аудандары үшін өте маңызды. Қала әкімі Сапар Сатаевтың айтуынша, су құбыры және көріз желілерін жөндеу кестеге сай жүргізілуде.

– Қаланың 90-шы орамында 320 метр су құбыры ауыстырылды. Ұзындығы 850 метр болатын 8 Наурыз көшесіндегі құбырларды ауыстыру үшін дайындық жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, Тоқырау – Саяк су құбыры бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Қазіргі таңда 160 шақырым апатты учаскелердің 72 шақырымы ауыстырылды. Келесі жылы осы су ағардың шамамен 20 шақырымын жаңарту жоспарлануда. Бұл ауыз су жүйесіндегі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, – деді Сапар Сатаев.

Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев көл жағалауына барып, абаттандыру жұмыстарының қалай жүріп жатқанын көрді. Мұнда жоба екі кезеңге бөлінген. Өзірге, бірінші кезең 80%-ға аяқталған. Сондай-ақ, жаяу жүргінші жолы, субұрқағын салу, аумақты абаттанды-



аяқталып, жұмысын бастап кетті. 30 жыл бойы орталық аурухананың мекемесінде жүрген жедел жәрдем қызметкерлерінің жаңа ғимаратқа қолдары енді жетті. Орталық аурухананың жанындағы жеке ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізілген. Тіпті, инженерлік жүйелері де жаңартылған. Төбесі ауыстырылып, өртке қарсы қауіпсіздік және бейнебақылау жүйесі орнатылған.

– Бұрын Балқаштың жедел медициналық жәрдем бригадалары стационар жанындағы жеке бөлінген үй-жайларға орналасқан болатын. Кейінде жедел жәрдем бригадаларының еңбек жағдайларын жақсарту қажеттілігі ерекше байқалды. Осыған байланысты, ескі ғимаратты қайта құру туралы шешім қабылданды. Қосалқы станцияда алты жедел жәрдем бригадасы бар. Олар бір жыл аралығында 30 мыңға дейін шақыруға шығып, медициналық қызмет көрсетеді. Тәулік бойы жұмыс істейтін екі диспетчерлік бекет бар. Демалыс

мүмкіндігінше ашу. Ол үшін біз тұрғын үй саламыз, мамандарға осы медициналық мекемелерде жұмыс істеу үшін қотерме жәрдемақы береміз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Балқаш көпсалалы ауруханасы емханасының базасында орналасқан орталық медициналық заманауи диагностикалық жабдықтармен жабдықталған. Орталықта кешенді медициналық, әлеуметтік және психологиялық көмек алуға болады. Сондай-ақ, «Халық кеңесі» қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмыс істейді. Онда тұрғындар өз өтініштерін қалдыра алады. Саламатты өмір салты кабинеті барлық тілек білдірушілер үшін пайдалы болмақ.

– Мұнда медициналық, әлеуметтік және психологиялық қызметтердің симбиозы – отбасылық медицина принципі қарастырылған. Отбасылық дәрігер, қамқоршы медбике, акушер, психолог және әлеуметтік қызметкерден тұратын көпсалалы топ белгілі бір отбасымен айналысады. Және ауруларға әкелетін себептерді анықтайды. Орталық «Науқастың 5 минутта байқағаны» қағидаты бойынша жұмыс істейтін болады. Тіркеуден бастап-ақ, пациент 5 минут ішінде өзіне қажетті ақпаратты алуы керек. Кіреберісте екі инфотабло бар, сұрақтарға жауап беретін жүйелік әкімші бар. Биыл біздің мемлекетіміз Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарының бес отбасылық дәрігерлерімен толықты, – дейді Балқаш көпсалалы ауруханасының директоры Серікбол Түсіпбеков.

Сондай-ақ, «Primary Health Care» ұлттық қауымдастығының президенті, академик Төлебай Рахымбеков мұндай орталықтар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының үздік әдістемесі бойынша іске асырылып жатқанын айтып, қала жұртшылығын құттықтап, дәрігерлер жұмысына сәттілік тіледі. Оның айтуынша, орталықтың ашылуы емхана құрылымына көптеген оң өзгеріс әкеледі. Атап айтқанда, емханада өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы, халық кеңесі, тренинг орталықтары, патронаждық қызметтің әмбебап-прогрессивті модель бөлмесі, денсаулық мектептері және отбасылық медицинаның жаңа моделі өз жұмысын жүйелі жүргізіп келеді. Орталық жұмысының нәтижесінде жаңа медициналық-әлеуметтік көмектің қолжетімділігі мен сапасы жақсармақ. Сонымен қатар, қала тұрғындарының саламатты өмір салтын ұстануын арттыруға зор ықпал етеді.

Биылдың өзінде Балқашта денсаулық сақтау саласында біраз жетістіктер мен ауқымды жобалар жүзеге асқан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жас маман дәрігерлерді қызметтік тұрғын үйлермен қамтамасыз ету мақсатында қалалық аурухана аумағында 30 пәтерлі үш қабатты ғимарат жөнделген болатын. Салтанатты шараға қатысқан облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ақ халатты абзал жандарды құттықтап, бірнеше жас дәрігерге баспана кілтін табыс етті.

Жаңа қонысқа көшіп келген мамандар жұмыспен қамтамасыз етіліп, тұрғын үй мәселесі шешілгендігін қуанышпен жеткізді. Жиһаз және тұрмыстық техникамен жабдықталған пәтерлеріне кіріп қуанышқа бөленді. Қоныстойын тойлап жатқан дәрігерлер қатарында Қарағанды облысынан келген жас маман, дәрігер-гинеколог Хажай Орал да бар. Жас маман қолдау білдірген жандарға алғысын айтты.

– Мен отбасымен бірге көшіп келдім. Келген уақытта баспана мәселесі қиын болып, пәтер жалдауға тура келді. Тұрған пәтеріміз қолайсыздық туғызды. Мәселені оңынан шешіп, жаңа үй берген, қалаға келген мамандарды қолдап жатқан басшыларға алғыс білдіремін. Алдағы уақытта қала халқының денсаулығын жақсартуға аянбай еңбек етуге дайынмын, – деді Хажай Орал.

Жас мамандардың шаңырағына кіріп, қоныстарына құтты болсын айтқан облыс басшысы балқаштықтардың облыс орталығына бармай-ақ уақытылы медициналық көмек алуы үшін ауданаралық ауруханаға 25 жас маман тартылғандығын жеткізді. Олардың арасында анестезиолог-реаниматолог, травматологтар, невропатологтар, акушер-гинекологтар, неонатологтар, педиатрлар, жалпы тәжірибе дәрігерлер бар. Қазіргі уақытта 12 дәрігер резидентурала оқуын жалғастыруда. Келесі жылы ол мамандар Балқашта жұмысқа орналастырылмақшы. Облыс бойынша биыл барлығы 130 пәтер берілді. Ал, қалалар мен аудандарға дәрігерлерді тарту үшін қотерме сомасы 1,5 млн теңгеден 8 млн теңгеге дейін ұлғайтылды.

БАЛҚАШ

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• РЕСМИ

Аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың назарына!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 28-бабына сәйкес, «Сауатқа арағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына барлық кандидаттар сайлау алдындағы үгіт-шеңберінде өздерінің сайлау алдындағы материалдарын газетте жариялай алатынын мәлімдейді.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіндегі 1 шаршы см. алаңының құны қосымша күн салығымен 330 теңгені құрайды.

Газет алаңын ұсыну үшін негіз ретінде аудандық және қалалық мәслихаттар депутаттығына кандидаттар бұқаралық ақпарат құралы басшысының атына жазбаша өтініші болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлауалды материалдардың жарияланымдарында қаржыландыру көзі туралы ақпарат болуы шарт екенін еске саламыз.

• ҚҰРМЕТ

Ерлігі еш ұмытылмайды

Қызмет бабында жүріп қаза тапқан қарағандылық құтқарушы Хайрат Хали Президент Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен наградталды. Мәртебелі марапатты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қаза тапқан өрт сөндірушінің туған-туыстарына табыс етті.



Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралы ауданындағы дала өртінен сөндіру кезінде Саран қаласындағы №24 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Хайрат қаза болған еді. Ол 1991 жылы туған. Сержант азаматтық қорғау органында 2014 жылдан бастап жұмыс істеп келген.

«Хайрат Халидың өртті сөндіру кезінде көрсеткен ерлігі – нағыз батылдық пен жанқиярлықтың үлгісі. Ол өз өмірін адамдарға қызмет етуге және туған жерін қорғауға арнады. Осы қайғылы сәтте біз қиындықты Халидың туыстарымен бөлісеміз. Өрине, біздің сөздеріміз бен қолдауымыз отбасына ардақты ұлды, аяулы әкені қайтара алмайды. Міне, тілсіз жау кезінде табанды қызмет қылып, қыршын кеткен батырды еске алып отырмыз. Біз оның ерлігін ұмытпаймыз, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Мемлекеттік награданы табыс ету рәсіміне құтқарушының әріптестері қатысты. Марқұмның көзсіз ерлігі олар үшін қызметке деген адалдықтың үлгісі болары анық.

– Ел Президентіне біздің батыр әріптесімізді марапаттағаны үшін алғыс айтамыз. Хали Хайрат өзінің он жылдық қызметінде мамандыққа деген адалдығын көрсетті, оның жанқиярлық еңбегінің арқасында бірнеше жан қатерден арашаланып қалды. Ол біздің жүрегімізде мәңгі қалады, – деді әріптесінің ерлігін еске алған облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Марғұлан Аманбаев.

Марқұмның жақындары «қайғылы сәтте қасымыздан табылып, есімін құрметтеп, «Ерлігі үшін» медалін тарту етіп жатқандарыңызға ерекше алғысымызды білдіреміз», – деді.



ру және жарықтандыру орнату жұмыстары жалғасуда. Екінші кезеңде тренажерлар және скейт-паркі бар спорт аймақтарын, балалар алаңдары мен демалыс орыны салынады. Алдағы кезеңде абаттандырылған жағалау қалалықтар үшін және қала қонақтары үшін қаланың символы болмақ. Туризмді дамыту үшін де маңызды. Жағалауды абаттандыру аясында көк, ақшыл көк, ақшыл сары және жасыл түсті резеңке-каучук жабыны бар балалар ойыны және спорт алаңдарын жабдықтау жоспарлануда. Балалардың ойын кешендері әр түрлі жас топтарына арналған. Боялған асфальтбетон жабыны мен велосипед тұрағы бар ені үш метр заманауи велосипед жолы салынбақшы. Сондай-ақ, жағалауда желкенді қайық тәрізді жеті субұрқақтан тұратын ерекше кешен болады. Облыс басшысы мердігерлердің есептерін тындап, жобаға сәйкес барлық жұмыстарды орындауды және жоспарланған мерзімдерден қалыс қалмауды тапсырды.

Бұдан кейін облыс әкімі шағын шаһардағы жаңа жедел жәрдем бекетінің ашылуына қатысты. Сала мамандары тұрғындардың шақырулары мен шағымдарды саралай келе, Балқашта жедел жәрдем бекетінің құрылысы басталған болатын. Бүгінде сол бекеттің құрылысы

бөлмелері, көліктерге арналған жуу, тұрақ және жөндеу секілді үш бокс қарастырылған, – деді облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы директорының міндетін атқарушы Ақылбек Сарбаев.

Мамандардың мәлімдеуінше, стансаның іске қосылуы, қоңыраулар санын азайтып, мамандандырылған медициналық көмекті қолжетімді етеді. Науқастарға неғұрлым жылдам және тиімді көмек көрсетуге ықпал ететін болады.

Сонымен қоса, облыс әкімі алғашқы медициналық және әлеуметтік көмектің үздік тәжірибе орталығының ашылуына қатысты. Балқаш өңірінің 80 мың тұрғынына медициналық көмек көрсету сапасын жақсартатынын атап өтті.

– Сіздер Мемлекет басшысының медицинаны қолдау, осы бағытты жаңғырту және халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету жөніндегі бастамасы туралы білесіздер. Біз осы тапсырма аясында медициналық нысандарды ашып, инновациялар енгізіп жатырмыз – мұның бәрі халыққа сапалы қызмет көрсету үшін. Біз өз тарапымыздан бастамаларды қаржылай қолдаймыз. Біз үшін бірінші кезектегі міндет – осындай нысандарды



Жан-жақты сауалға – салмақты жауап

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олар қазірдің өзінде позициялау жүйесімен жұмыс істейді. Жұмыстағы қауіпсіздік, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсарту бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Мәселе көп. Олар бір жылда жылдам шешіле қалады деп айта алмаймыз, – деді аймақ басшысы.

Ермағанбет Бөлекпаев Qatmet компаниясына қатысты мердігерлер алдындағы қарыз мәселесіне де тоқталды. Айтуынша, инвестор бұл жағдайда нақты жұмыс істеп, отандық жеткізушілер мен қызметтерге көбірек көңіл бөлу керектігін түсінді.

– Бізде Qatmet айналасында әрі қарай жұмыс істеу, кластерлік тәсіл жасау үшін үлкен бірлескен жоспарларымыз бар. Бірқатар банк басшыларымен кездестік, біз қазірдің өзінде кейбір банктермен келісімге келіп, кластерлік тәсілге байланысты бірқатар жобалар қаржыландырылатын болды, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі Балқаш пен Қарқаралыдағы «Қазақмыс» кәсіпорының да жұмыс сапасына тоқталды. Әлбетте, жүйе құраушы кәсіпорындардың жұмысы жақсарған сайын, мемлекетке, оның ішінде, облыс бюджетіне түсетін салық көлемі де арта түсетіні анық.

– Бизнес жағынан келер болсақ, салық мөлшері көбейген. Сол себепті де жағдай жақсарып келеді. Бірақ, екінші жағынан да алаңдатамын мәселелер жоқ емес. Оны біз де, сіздер де білесіздер. Баға және тариф мәселесі. Осы мәселені шешу үшін тиісті жұмыстар атқарылуда, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Айта кетерлік жайт, Qatmet компаниясының неғұрлым қысқа мерзімде шешкен басты мәселесі – табиғи газға көшу. Бұл – үлкен жетістік.

– Қазірдің өзінде газ құбырын жеткізу жұмыстары басталды, бұл ауаға таратылатын зиянды қалдықтарды айтарлықтай төмендетеді. Көзге көрінбейтін шығар, бірақ біраз өзгерістер бар және олар жалғаса береді, – деп сендірді Ермағанбет Бөлекпаев.

Экономикада өсім бар

Қарағанды облысында экономиканың барлық салаларында өсім бар. Өнеркәсіптік кәсіпорындар 9 айда 3 трлн теңгеге жуық өнім өндірді. Өткен жылдың сәйкес кезеңіне инвестиция көлемі 14,6%-ға артып, 680 млрд теңгеге жетті. Жыл соңына дейін үш мыңға жуық жұмыс орны ашылып, он жобаны іске қосу жоспарланып отыр.

Көктемгі қолайсыз ауа райына қарамастан, облыс дикандары биыл жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп, соңғы сегіз жылда болмаған өнім алғанын білеміз. Атап айтқанда, 1 млн. 300 мың тоннадан астам астық жиналды. Бұған дейін Ермағанбет Қабулаулы жоғарыда аталған көрсеткіштер дикандардың табан ақы, маңдай терінің өтеуі екенін айтқан болатын. Одан бөлек, ауыл шаруашылығы техникаларын дер кезінде дайындауда, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау шаралары да өз ықпалын тигізді.

– Астықты халыққа тиімді бағамен ұсыну үшін мәселелерді шешу қажет. Ең бастысы – шаруа қожалық иелеріне көмек керек. Қазір бидайдың бағасы да арзан емес. Шаруа қожалық иелеріне көмек көрсету үшін арнайы жобаларымыз бар – деді өңір басшысы.



Одан бөлек, Ермағанбет Бөлекпаев бизнестің іскерлік белсенділігін арттыру үшін қандай жұмыстар жасалып жатыр деген сұраққа да жауап берді. Айтуынша, «Іскерлік ахуал» тәуелсіз рейтингін бағалау бойынша Қарағанды облысы елімізде жетінші орында тұр. Шағын және орта бизнесті қолдау және қолайлы бизнес-климат құру да – басым міндеттердің бірі.

– Республика деңгейінде көптеген бағдарламалар әзірленді. Қаржылық қолдауды кеңейту үшін «Даму» қорымен бірлесіп «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы әзірленіп, іске асырылуда. Жақын арада біз несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түріндегі қолдауды бірнеше есе арттыруды көздеп отырмыз. Өңдеу өнеркәсібі, туризм жобаларына ерекше назар аударылады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, барлық қажетті инфрақұрылымы бар шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру басталды. Онда бизнес өз өндірісін ең төменгі жалдау шартымен орналастыра алады. Мұндай алғашқы индустриялық алаңдар Қарағанды мен Саранда іске қосылды. Бұл тәжірибені басқа қалалар мен аудандарға тарату міндеті тұрғанын ерекше атап өтті облыс әкімі.

Өңір басшысы елімізде бірінші болып Қарағанды облысы бөлшек сауда салығын 4-тен 2%-ға дейін төмендеткенін еске салды. Нәтижесінде арнайы салық режимін қолданатын салық төлеушілер саны 16 есе өсті. Тартымдылықты көріп, облысқа басқа аймақтардан салық төлеушілер келді. Бұл қазынаны едәуір толықтыруға мүмкіндік берген.

Әкімдік заңсыздыққа көз жұма қарамайды

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы – қай кезде де өзекті. Облыста осыған қатысты атқарылған жұмыстар ауқымды болғанымен, биылғы жылы маусымда Саран қаласы жылусыз қалған болатын.

Ермағанбет Бөлекпаев Саранның орталық қазандығының жағдайын түсіндірді.

– Жаңа қазандық 13 жыл бойы салынды. Қазір іске қосу жұмыстары жүріп жатыр. Орталық қазандық 102 үйге жылу береді. Қазір жылу көзінде төрт қазандықтың екеуі жұмыс істеп тұр. Қазандықты іске қосу кезінде сорғы жабдықтарымен байланысты техникалық ақаулар болды. Жазда қала әкіміне сақтандыру үшін жергілікті қазандықтарды дайындау тапсырылды. Оның баяндамаларына сүйенсек, қосымша қазандықтар дайын

болған. Бірақ ақпарат шындыққа жанаспады. Салдарынан бұл қазандықтар кейінірек іске қосылды, – деді облыс әкімі.

Ол Саран қаласындағы жылу мәселесі жеке бақылауда екенін айтты. Күн сайын облыс әкімінің бірінші орынбасары сол жерде барлығын қадағалап жүр. Келіп түскен шағымдарды жедел шешуге тырысады.

Тұрғындарды алаңдатқан тағы бір жайт – баспана мәселесі. Атап айтқанда, жыл басынан Қарағанды қаласының өзінде 20 тұрғын үйдің құжатына қатысты мәселе туындаған болатын. Аймақ басшысы аталған жағдайға қатысты қандай шешім шығарылғанын да айтты.

– Заңсыз салынған үйлердің

тасжолына қатысты тұрғындардан келіп түскен сауалға жауап берді. Әкім жол жағдайын жақсы білетінін айтты. Тіпті, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басшылығымен кездесіп, аталған жолға қатысты мәселені бірлесіп талқылаған.

– «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы жол құрылысының 57 шақырымы қалды. Келесі жылы жолды жөндеу жұмыстары толықтай аяқталады, – деді аймақ басшысы.

Әкім сағатында келіп түскен сауалдардың дені коммуналдық және әлеуметтік салаларға, жолдарға, абағандыққа қатысты болды.

Тұрғындар жеке мәселелерін де ортаға салды. Мысалы, Қарағанды тұрғыны Пришатиңкідегі Ис-



тізімін біз сайттарға саламыз. Рұқсатсыз құрылыс салатын мердігерлер бар. Құжаттарын реттеп алып, үлескерлерден ақша алатын мердігерлер де бар. Ол – заңсыз. Қазіргі таңда заңсыз салып жатқан және салынып қойған 6-7 үй бар. Салымшылар үйлердің құжатын сұрап, тексеріп алу қажет. Мердігерлердің адамдардан үлескер ретінде ақша алуға құқықтары жоқ. Алдымен өз ақшаларына салу қажет, содан соң сата алады. «Қазақстан Тұрғын үйі» компаниясынан кепілдік алу қажет. Үй алам десеңіздер облыстың мемлекеттік сәулет құрылыс бақылау басқармасынан тізімін сұрап аласыздар болады, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

Өңір басшысы әкімдік кез келген заңсыздыққа көз жұма қарамайды. Хали Хайрат деген азаматымыз қайтыс болып. Бүгін ғана Президентіміздің Жарлығымен берілген «Ерлігі үшін» медалін ата-анасына табыстадым. Отбасына, туған туыстарына көңіл айтамын. Ерлігі – мәңгі жадымызда. Ал, өрттің қайдан және қалай шыққаны тексеріледі. Тергеу жұмыстары жүргізілуде. Өзім сол өртенген жерге барып, көріп қайтқанмын. Өрт өте үлкен көлемде болды. Әрі жел де қатты соғып тұрды. Оқиға орнына көптеген техникаларды алдыртып, жұмыс істеген болатынбыз. Жалпы, облыстық бюджеттен техника алуға қажетті қаражат бөлінген. Ал, әрі қарай экология министрлігі жұмыс істеп жатыр, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысы өз сөзінде үш бірдей өрт сөндіру станциясы салынғандығына да тоқталды.

– Біз әлі бұнымен тоқтап қаламаймыз. Алдағы уақытта Қарқаралы ауданында да саламыз деген жоспар бар. Қазіргі уақытта осы бағыт бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бастысы – техника алып жатырмыз. Менің тапсырмаммен әр ауданның бюджетіне қажетті техникаларды алу үшін бюджет-

тің 1 пайызын аударып отырмыз. Әр аудан жыл сайын қажетті техниканы немесе басқа да қажетті құрылғыларын алып отыруы керек. Қазір осы бастамамен қала және аудан әкімдері жұмысын бастап кетті, – деді Ермағанбет Қабулаулы.

«Әкіміміз ризамыз!»

Сондай-ақ, «Көгілдір тоғандар» шағын ауданындағы «Томирис» тұрғын үйінің қасындағы жайлы мектеп құрылысын көруге әкім күнде келеді. Жұмысына ризамыз!», – деген қала тұрғыны жұмыстар қашан аяқталатынын және мектептің қашан ашылатынын сұрады.

Облыс бойынша 10 жайлы мектеп құрылысын бастағанбыз. 2000 орындық бір мектеп құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Жоспар бойынша жыл соңына дейін тағы 5 мектептің құрылысын аяқтауымыз қажет. Осы 5 мектептің ішінде «Томирис» тұрғын үйінің жанындағы жайлы мектеп те бар, – деген аймақ басшысы «Көгілдір тоғандар» шағын ауданында салынып жатқан мектепті ғана емес, облыс бойынша салынып жатқан мектептердің құрылысын қадағалауында ұстап отырғанын айтты.

Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, жыл соңына «Көгілдір тоғандар» мен «Гүлдер» шағын аудандарындағы және Балқаш қаласы, Ақсу-Аюлы мен Жарық ауылындағы мектептердің құрылысын аяқтау жоспарда бар.

– Жайлы мектептер болғандықтан, барлығы сапалы болу қажет. Сондықтан, ұзақ салынып

сағатында мәлім болған ақпарат. Болашақта мұнда 8 мың жаңа жұмыс орны ашылып, шағын және орта бизнес қолдау алады.

Қарағандылықтар Ермағанбет Бөлекпаевтан қойманың ашылуы өңір экономикасына қалай әсер ететінін сұрады. Облыс әкімі жергілікті өндірушілер мен кәсіпкерлер заманауи қойма қызметтеріне қол жеткізе алатынын, бұл тауарларды жеткізуді едәуір жеделдететінін және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын атап өтті.

Қоймада қазірдің өзінде 300 адам жұмыс істейді, жыл соңына дейін тағы 200 адам жұмысқа тұрады. Мұнда барлығы 8 мың жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

– Бұдан басқа, Қарағандыда ірі логистикалық орталықтың болуы басқа инвесторлар мен бизнес-құрылымдардың назарын аударуы мүмкін. Бұл қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастырады және логистика мен саудаға байланысты қосымша қызметтер ашу сияқты бизнестегі жаңа бағыттарды дамытуға мүмкіндік береді. Өңір стартаптар мен халықаралық компаниялар үшін тартымды болады, бұл іскерлік белсенділіктің өсуіне алып келеді, – деп есептейді Ермағанбет Бөлекпаев.

Халықаралық логистиканы нығайтудағы негізгі қадамдардың бірі – Қарағанды «Сары-Арка» әуежайы базасында мультимодальды әуе хабын құру. Қарағандылық журналист аймақ басшысынан жаңа инвестордың жоспарлары туралы сұрады.

– Әуежайға жылына 2 млн жолаушы өткізу қабілеті бар жолаушылар терминалы, жылына 50 мың тоннаға дейін жүк өңдеу мүмкіндігі бар Cargo Terminal жүк терминалы кіреді. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында биыл біз әуежайымыздың базасында CargoHUB Karaganda мультимодальды аэрохабын құру мәселесін пысықтауды бастадық. Сонымен қатар, әуежай аумағында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының субзоны болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

«Сары-Арка» әуежайында жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуға бағытталған Жол картасы әзірленген. Бұған АЭА субаймағы шеңберінде салықтық және басқа да преференциялар алатын әуе хабы аумағында жаңа кәсіпорындар құру есебінен қол жеткізіледі. Өңделетін жүктердің көлемі жылына 15 мың тоннадан 200 мың тоннаға дейін өседі деп күтілуде. Осы арқылы 2030 жылға қарай 2 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құру және бюджетке салық түсімдерін ұлғайту жоспарлануда.

Бүгінгі таңда әуежай Эквадордан, Нидерландыдан, Бельгиядан және Оңтүстік-Шығыс Азиядан коммерциялық жүк рейстеріне қызмет көрсетеді. Болашақта «Қытай – Еуропа – Қытай» бағыты бойынша әуе кемелерінің техникалық қонуы артады деп күтілуде. Бұл әуежайдың логистикалық мүмкіндігін кеңейтеді және оның маңызды көлік торабы ретіндегі мәртебесін нығайтады.

Телерауна журналы «Шахтер» клубына қатысты мәселені көтерді. Клуб өз тарихында алғаш рет премьер-лигадан шығып қалған болатын. «Бұл жаңалықты қалай қабылдадыңыз?» деген сұраққа Ермағанбет Қабулаулы өкінішпен қабылдағанын жеткізді.

– «Шахтерге» жергілікті бюджеттен жеткілікті қаражат бөлінді. Демеушілер арқылы да көмегімізді жасайық. Бірақ, қаржы бөлу өз алдына, легионерлермен жұмыс істеу дұрыс болмаған сияқты. Өйткені, өз ішімізден футболшылар шықпайынша, дұрыс болмайтын секілді. Бізде, тіпті, балаларды дайындайтын бапкерлер де аз. Бұл мәселе талқыланды. Болашақта футбол академиясын ашып, сол жерден дайындайтын боламыз. Сөйтіп, іргетасын қалап алғаннан кейін, осында туып-өскен азаматтар «Шахтер» құрамында ойнайтын болады, – деді облыс басшысы.

Әлбетте, бір сағатта бүкіл сұрақты қамту мүмкін емес. Хабар тарату кезінде call-орталық операторлары 70-ке жуық қоңырау мен хабарламаларды қабылдағанын айту керек. Барлық сұрақтарға жауап беру мүмкін болған жоқ. Бірақ, бірде-бір өтініш назардан тыс қалмайды.

Суреттер облыс әкімінің сайтынан





«Үшінші сектордың» үлесі зор

Кейінгі жылдары үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі де, мүмкіндіктері аясы да артып келеді. Саны да, олар араласатын сала да көбейеде. Себебі, қазір мемлекеттен қолдау қомақты. Азаматтық сектордың күші мен мүмкіндігі мол екенін Үкімет те түсініп, азаматтық қоғам қалыптастыруда үкіметтік емес ұйымдардың көмегіне жүгініп жүр. Аймақта бүгінде мыңнан астам үкіметтік емес ұйым ресми тіркелген. Олардың қызмет бағыты сан алуан. Экология саласын зерттеп, өз ұсыныстарын айтуы мүмкін. Оларды гендерлік мәселелер де сырт қалдырмайды. Адам құқығын қорғау, әлеуметтік аз қорғалған халық санатына көмек ұйымдастыру тағысын-тағы шаралармен айналысып жатыр. Бағыт бөлек болғанымен, оларды біріктіретін ортақ міндет – қоғамды «жақсарту» миссиясы.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл құрылғанына 20 жыл болатын «Үміт» қоғамдық бірлестігі азаматтардың нақты санатымен жұмыс істеп келеді. Азаматтық бастамалар жобасы Қазақстанда Қарағандыдан, осы қоғамдық бірлестіктен бастау алды десе, артық айтқандық емес. «Үміт» қоғамдық бірлестігінің директоры Гүлмира Смайлова 2017 жылы Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшілігінің шақыруымен сол елге барып, ондағы CADCA – Есірткіге қарсы Америка қауымдастықтары коалициясының жұмысымен танысып қайтады. Елге келіп, олардың әдістемесін жүзеге асыруға кіріседі.

– Бұл коалицияның негізі – бірлесіп жұмыс істеу. Нашакорлықтың алдын алуы қандай мықты болса да, бір ғана ұйым жүргізе алмайды. Профилактика кешенді, жан-жақты, жүйелі болуы керек. Онсыз жұмыс нәтижелі болуы мүмкін емес, – дейді Гүлмира Смайлова.

Шетелдік ұйымның әдіснамасына сәйкес, ең бірінші мәселе толығымен зерттелуі тиіс. Сол себепті, бірлестік алдағы жұмыс бағытын айқындау үшін аймақтағы нашакорлық мәселесін зерделей бастайды. Талдаулар 2017 жылы аймақта синтетикалық есірткілердің шыға бастағанын көрсеткен.

– Жаппай болмаса да, синтетикалық есірткінің Қарағандыда ғана емес, тұтас елде тарала бастағанын және оның бұған дейінгі есірткілерден анағұрлым қауіпті екенін аңғардық. Талдау қорытындысы Қарағанды қаласы әкімі жанындағы ден-

саулық сақтау мәселелері жөніндегі үйлестіруші кеңесте айтылды. Осыдан кейін келесі жылы «Дені сау ұрпақ – дені сау ұлт» қоғамдық бастамалары пайда болды. Оған барлық мемлекеттік органдар мен құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар аталысатын болып келісті. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде халықты ақпараттандыру, нашакорлықтың алдын алу жұмыстары жанданды. 2019 жылы азаматтық бастамалар Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасындағы АҚШ елшілігі деңгейінде таныстырылды. Ал, 2020 жылы біздің тәжірибе Астана, Алматы, Павлодар, Семей мен Теміртау қалаларында енгізілді, – дейді ол.

Гүлмира Маратқызы азаматтық бастамалардың былтыр Қазақстан Республикасында нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірлеуге қатысқанын ерекше атап өтті. Бұл – үкіметтік емес ұйымдардың қоғамның басты проблемаларын шешуде сүбелі үлес қоса алатындығының жарқын дәлелі. Ал, биыл «Үміт» қоғамдық бірлестігі Қарағанды облыстық мәслихатының шешімімен мемлекеттік органдардың нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі аймақтық ведомстваралық штабына енді.

– Бұл ретте мемлекеттік органдардың қолдауын айтпаса болмайды, – дейді Гүлмира Смайлова. – Былай қарасақ, үкіметтік емес ұйымдардың қолында ештеңе жоқ. Біз өз бетімізбен білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдарына кіре алмаймыз. Бұл нәтижеге мемлекеттік органдардың қолдауының арқасында, олардың мәселенің



Сурет ашық дереккөзінен

мәнісін түсініп, оны шешуге деген ниетінің арқасында қол жетіп отыр. Нашакорлық деген кеселмен қоғам болып күреспесе, құқық қорғау органдары да, мемлекеттік органдар да, үкіметтік емес ұйымдар да жеке дара ештеңе тындыра алмайды. Сондықтан, жалпы шаралардың жүйелі, үздіксіз, нақты, жан-жақты болуын бірінші орынға қою керек.

Полицейлер де «үшінші сектордың» нашакорлықпен күрестегі сүбелі үлесі барын айтады.

– Үкіметтік емес ұйымдармен жұмысқа облыстық полиция департаменті ерекше басымдық береді, – дейді полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының желелі уәкілі полиция подполковнигі Кирилл Корниенко. – Бүгінде департамент «Үміт», «Граждане Казахстана», Теміртау қаласында «Шапағат», «Үміт» қоғамдық бірлестігінің Теміртаудағы филиалымен белсенді жұмыс істейді. Олармен меморандум да жасалған. Олар ақпараттық қолдау, акциялар, рейдтер ұйымдастыруда, наркографитиді өшіруге атсалысады.

Соның арқасында еріктілермен де жұмыс жолға қойылған. Жалпы, біз үкіметтік емес ұйымдарды «көмекшілеріміз» дейміз. Рас, олардың көмегісіз полиция қызметкерлерінің ресурсы жеткіліксіз. Олар – қоғамның маңызды бөлігі. Олардың жұмысы қоғам үшін қажет.

«Үміт» қоғамдық бірлестігі әлеуметтік мәні бар аурулармен, атап айтқанда, туберкулез, АИТВ жұқтырғандармен, нашакорлармен жұмыс істейтін жобаларды жүзеге асыруда. Бірлестіктің қызметкері Сергей Дадывериннің айтуынша, туберкулезбен ауыратын нашакор, тұрғылықты жері жоқ адамдарды анықтау жобасы өз нәтижесін берген.

– Аталған жоба 2018 жылдан қолға алынған. Осы уақыт ішінде 115 туберкулезбен ауыратын тұрғылықты жері жоқ адам анықталды. Оның 40 пайызында бактериялық түрі екені де белгілі болды. Біздің аутич қызметкерлер болмаса, бұл адамдар өз бетінше ешқашан емдеу мекемелеріне бармас еді. Егер бір науқас туберкулезді 10-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

15 адамға жұқтыруы мүмкін екенін ескерсек, бұл жобаның тиімділігі мен маңызын бірден байқауға болады. Бұл адамдармен үкіметтік емес ұйымдардан басқа ешкім айналыспайды. Сол сияқты есірткі пайдаланатын адамдар арасында АИТВ жұқтырудан сақтандыру мақсатында қолға алынған жоба бар. Бұл жердегі басты міндет – АИТВ жұқтыру қаупін барынша азайту. Аутич қызметкерлер «клиенттерге» шприц, мүшеқаптар, спирттік салфеткалар таратады. Аутич қызметкерлер – есірткі қолданатын немесе бұрын қолданған адамдар. Олар «клиенттердің» тілін таба алады. Қазір бізде 20 шақты осындай қызметкер бар, – дейді Сергей Дадыверин.

Ал, «Граждане Казахстана» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына – 2 жыл. Бірлестік былтырдан бері есірткіге, алкогольге, вейп, темекіге қарсы күрес жобасын жүзеге асыруда. Бұл Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы тапсырысы екенін айтады бірлестік басшысы Дмитрий Полтаренко.

– Есірткі сайттарына сілтеме жарнамаларды жою бойынша рейдтер тұрақты түрде жасалады. Осыған дейін 45 рейд, 33 кездесу ұйымдастырылды. Түрлі санаттағы 10 мыңға жуық адам қамтылды. Жазда форум өткіздік. Жастарға есірткі емес, дені сау болу «тренд» екенін түсіндіріп жатырмыз. Қазіргі уақытта бес ақпараттық ролик әзірленуде, подкастыр жасалады. Есірткі қылмысына қатысты бас бостандығынан айырылғандармен сұхбат жасау жоспары да бар, – дейді Дмитрий Полтаренко.

Үкіметтік емес ұйымдар халықаралық қорлардың және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс негізінде жұмыс істейді. Дегенмен, қаржыландыру тұрақсыз. Әйтпесе, дайын жобалар жетерлік. Соған қарамастан, істеген қызметіне ақы сұрамайтын, риясыз, қоғам мен адам игілігі үшін еңбек етіп біріккен жандардың ұйымы азаматтық қоғамның негізін құрайды. Ең бастысы, олар азаматтардың белсенділігін оятып, қоғамға пайдалы жұмыстар атқарады. Бұл – қолдауға тұрарлық.

• ӘДЕП КЕҢЕСІ

«Тәртіпке бағынған құл болмайды»

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің Әдеп кеңесінің кезекті отырысы өтті. Отырыста мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне жүргізілген талдау қорытындылары қаралды. Әрі Қарағанды қаласы мен Қарқаралы ауданы әкімі аппараты әдеп жөніндегі уәкілдерінің есебі тыңдалды. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге қатысты қозғалған тәртіптік істерді де назардан тыс қалдырмады.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әдеп жөніндегі кеңестің отырысында екі тәртіптік іс қаралды. Яғни, әдеп нормаларын сақтамай, әрі мемлекеттік қызметке кір келтіріп, тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін екі мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолдану ұсынылды. Одан бөлек, профилактикалық бағыттағы сұрақтарды қарастыру барысында мемлекеттік органдарға заңнама талаптарын бұлжытпай сақтауға қатысты ұсыныстар айтылды. Және әдеп жөніндегі уәкілдерге өз қызметін жетілдіруге тапсырма берілді.

– Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысының негізгі бағыты профилактикаға, яғни, алдын алуға бағытталады. Сондықтан, көп жағдайда болып жатқан құқықбұзушылықтардың талдау қорытындысы бойынша салдарымен емес, себептерімен күресеміз.

Жалпы, Әдеп жөніндегі кеңестің жұмысының жоспары жылдың соңында бекітіледі. Содан барып жыл бойы бекітілген жоспармен жүреміз. Алдыңғы отырыста қаралған, талқыланған мәселелер қайта қаралмайды. Бірақ, мәселенің күрделілігіне қарай қажет болған жағдайда кезектен тыс жоспарға өзгеріс енгізу арқылы қараймыз, – деді департамент басшысы Жанұса Сәрсен.

Қарағанды облысы мемлекеттік органдарының тәртіптік комиссияларының биыл тоғыз айына ұсынған дерегіне сүйенсек, 516 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның 346-сы – жергілікті атқарушы органдарда. Ал, қалғаны – мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелеріне тиесілі. Дегенмен, былтырдың осы кезеңінен салыстырғанда 2%-ға азайған.

Сонымен қатар, өткен мерзімде тәртіптік комиссия қарастырусыз тәртіптік жауапкершілікке 478 мемлекеттік қызметші тартылған. Оның 325-і жергілікті атқарушы органдарға тиесілі. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың бұл кезеңімен салыстырғанда 0,4%-ға төмендеген. Ал, қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша 13 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған. 2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жазалардың саны былтырдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 19%-ға өскен. Көш басында Қарағанды облысы, яғни, 33 тәртіп бұзушылықпен тұр. Одан кейінгі орында Қарағанды қаласы – 28, Теміртау қаласы – 10 қызметкер. Орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері бойынша облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде 16 жағдай тіркелген.

Керісінше, тәртіптік жауапкершілікке ең аз тартылған жергілікті атқарушы органдары арасында Бұқар жырау ауданы мен Балқаш қаласы тіркелген. Орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері бойынша Қарағанды облысының мемлекеттік кірістер департаменті мен Қарағанды облысы бойынша әділет департаментінің көрсеткіштері жақсы.

Дегенмен, департамент мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының ұсынылған материалдарына жүргізілген талдаудың қорытындысы бірнеше бұзушылықтарды анықтады.

– Президенттің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларының 27-тармағына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшінің ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде алынбаған жазасы болған кезде жасаған теріс қылығы елеулі теріс қылық болып табылады. Ол үшін қызметтік сәйкестіктің толық еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түрінде жаза қолданылады. Сонымен бірге, Қағидалар-

дың 37-тармағына сәйкес теріс қылық жасағаны үшін лауазымын төмендету, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту және атқаратын лауазымынан босату түрінде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін тәртіптік теріс қылықтар бойынша қызметтік тергеу-тексеру жүргізу және Комиссияның ұсынымдарының болуы міндетті. Аталған талаптарға қайшы тәртіп бұзушыларды анықтап, тиісті жазалары тағайындалды. Егер, қағиданың 82-тармағына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметші жаңа теріс қылық жасамаса, өзін адал жұмыскер ретінде көрсетсе, тәртіптік жаза алты ай өткенге дейін алынуы мүмкін, – деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Дина Абаева.

Отырыс барысында Қарқаралы ауданы әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Шыңғыс Шәріп мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауына мониторинг және бақылауды жүзеге асыру бойынша атқарылған жұмыстары туралы баяндама жасады. Жалпы, Қарқаралы ауданында 196 мемлекеттік қызметші іштаты болса, 176-сы нақты қызмет атқарып отыр. Бүгінде 13 лауазымды орын бос. Жыл басынан бос тұрған 23 әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің орнына конкурс өткізген. Нәтижесінде, 12 мемлекеттік қызметші қызметке қабылданыпты. Бұған қоса, жоғары оқу орындарын жоғары баллмен тәмамдаған 2 адам жауапты лауазымға конкурссыз қызметке қабылданған.

– Қазіргі таңда 13 тұрақты бос жұмыс орны бар десек, оның төртеуі бір жылдан бері бос тұр. Аталған бос орындардың барлығы – есепші лауазымдары. Басты себептердің бірі – ауылдық округтердегі халық санының аздығы. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасы мен тиімділігін анықтау мақсатында әр тоқсан сайын бағалау жүргізіледі. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мен қайта даярлау курстарына биыл 46 маман оқытуға жолданды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің орындалуы барысы жайында жиындар өткізіледі, – деді Шыңғыс Қайратұлы.

Сонымен қатар, Қарағанды облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Поведа Станислав та мониторинг пен бақылауды жүзеге асырған жұмыстар туралы баяндама жасады. Әдеп жөніндегі уәкіл былтырдан бері осы уақытқа дейін 54 мемлекеттік қызметшіге кеңес берген. 20 азаматты жеке қабылдаған. Әрі әдеп жөніндегі уәкіл жыл басынан бері мемлекеттік қызметшілер арасында қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша 17 семинар өткізген. Әрі электрондық базаға мониторинг жүргізу барысындағы құқық бұзушылықтар жайында айтып берді.

– Үш мемлекеттік қызметшінің жол қозғалысы ережелерін бұзғаны анықталды. Әкімшілік айыппұлдар уақытылы төленген. Сонымен қатар, қызметтік уақытта және қызметтен тыс уақытта заңнама талаптарын сақтауы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қызметтік әдепті сақтау мәселелері жөнінде оқыту жүргізіледі. Осындай шаралардың нәтижесінде биыл мемлекеттік қызметшілердің тәртіп бұзушылықтары мен тәртіптік жазалары едәуір азайған, – деді Поведа Теодорович.

Сурет автордан

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Қоғамның қозғаушы күші

Қасым үйіне жиналған жастар аймақ тұрғындарына қатысты әлеуметтік зерттеулер қорытындысын талқылады. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма мұрындық болған жыныға мемлекеттік органдар, жоғары оқу орындары және Жастар ісі жөніндегі кеңестің өкілдері қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарманың бас маманы Ұлан Омаровтың айтуынша, зерттеулер осы жылдың маусым-қыркүйек айлары аралығында жүргізіліп, төрт бағытты қамтыды.

– Шараның мақсаты – жыл сайын облыс аумағында өткізілетін әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерімен танысу әрі талқылауға бағытталды. Оның ішінде өзекті сұрақтар бар. Биыл біз жастар арасындағы буллинг, лудомания, наркомания, алкогольизмді зерттедік. Сараптама нәтижелерін жұмысымызға пайдалануға тырысамыз. Бүгінде облыс халқының төрттен бірінен астамы – жастар. Бұл 306 мыңнан астам адамды құрайды. Оның 240 мыңы – қалаларда, 66 мыңы – ауылдық жерлерде тұрады, – деді Ұлан Омаров.

Айта кеткен жөн, биыл зерттеулер сауалнама әдісімен ғана емес, сонымен қатар, фокус-топтарды қолдану арқылы жүргізілді. Сауалнамалар облыстың алты қаласы мен жеті ауданында жүргізілді. Әр тақырып бойынша 14 пен 35 жас аралығындағы 1000 адам сауалнамаға қатысты.

– Зерттеулер қазіргі жастардың бағыттарын анықтап, сол арқылы қоғамдық-саяси жағдайды бағалауға мүмкіндік берді. Биыл жастар арасындағы қылмыс, құмар ойыныға тәуелділік, есірткіқұмарлық, ішімдікке салыну, буллинг және тағы басқа ерекеттер зерделенді. Зерттеудің тағы бір тақырыбы – өңір жастарының құндылық бағдарларының жалпы сипатын анықтау, – деді жоба үйлестіруші Әлия Ескендірова.


Зерттеу нәтижелері мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындарына жіберілді.



• СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Шығармашылық байланыс арналары

Сәкен Сейфуллин – ұлттық поэзияны мазмұндық, көркемдік және шеберлік жағынан дамытуға зор үлес қосқан суреткер. Әрине, Сәкен прозалық шығармалар да жазды. Драмалық туындыларымен де танылды. Алайда, Сәкен поэзияда жарқырай көрінді, шеберлігі де осы жанға байқалды. Ешбір ақын томаға тұйық күй кешіп, жеке дара дамымайтыны анық. Қай ақын болмасын, ол өзіне дейінгі, болмаса, өзімен тұстас ақындармен тығыз шығармашылық қатынаста, өзара байланыста болып, шеберлігін ұштамақ. Тіпті, оның ұлт әдебиетіне қосар үлес салмағы да осы байланыстар барысында анықталып, шығармаларын салыстыра талдау кезінде олардың рухани үндестігі мен қай әдеби ағымның өкілі екені де анықталмақ. Сол себепті біз де Сәкеннің ақындық ізденістерінің бірі ретінде оның басқа ағымбағыт өкілдерімен шығармашылық байланысын, өзара қарым-қатынасқа түсуін атай аламыз.



Коллажы авторы А.Колесни

Ғалым Т.Кәкішев «Өнерге жетіліп, ілгері басу, басқалармен тең болу, елдің отаршылдықтан көріп отырған қорлықтарын айту ағартушы – демократтардың бәріне тән еді», – дейді. «Өткен күндер» жинағы дәлел, Сәкеннің алғашқы өлеңдері негізінен, ағартушылық бағытта жазылған, бұл тұста ол XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері шығармаларымен бағытталса-бағдарласа. Оның «Нішегіме», «Оқимаған қазақ», «Жетімге», «Қазақ сабағы», т.б. өлеңдерінің мазмұны, негізгі идеясы ағартушы – демократ ақындар шығармаларымен өзектес.

Ойынды қой, оқы, інішегім, алға бас!

Жарқыратып, ақ нұрменен көңілді аш.

Балалыққа жас миыңды алдатпа, Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас.

Бұл шығармашылық байланыс, оның әсер, ықпалы ақындардың өзара рухани үндестік табуларына кең жол ашты. Жалпы, шығармашылық байланыс арналары көп қырлы болып келеді. Сарыңдас әдеби ағымдар да бір-біріне ықпал етеді, әсер тигізеді. Бұл әдебиеттің даму заңдылығы. Әрі әдебиеттің өркендеуіне, поэтикалық формалардың жетіліп, дамуына, сөз өнері иелерінің тіл, стиль төңірегіндегі із-

деністерін шындай түседі. Бұл Сәкеннің көп өлеңдеріне ортақ сипат. «Сұлу терек», «Міне, көл», «Орман», «Қара жер» өлеңдерінде туған даланың көрінісін, байлығын көріп, шаттанған адамның сезім күйі суреттеледі. Сәкен жастық, махаббат сезімдерін бейнелеуге де табиғат көріністерін молынан пайдаланады. Ақынның «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Жазғы түнде» өлеңдері осы сипатта жазылған. Оларда сұлу өлкенің көрінісі жастар көңіл күйімен байланыстырылады. Табиғат аясындағы сезімнің сұлулығы мен тұрақтылығы, оны ардақтау, қалдыру идеясы Сәкеннің көптеген өлеңдеріне тән. Ол табиғатты оқшаған оны мекендеген адамның көңіл күйімен байланыстыра жырлады. Лирикалық кейіпкердің еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезімі табиғатқа деген іңкәрлік арқылы ашылады. «Қамаудан», «Сағындым» өлеңдері бұған нақты айғақ. «Далада», «Қырда» атты өлеңдерінде ол қоғамдағы өзгерістерді дала желі арқылы тартып, табиғаттың қуанышқа бөленген шат күйіне назар салады.

Есіп кеп майда желдер таудан асып, Құшақтап, аймалады амандасып, Естіген, көрген-білген сырын маған, Айтысты- қуанысып, сыбырла-сып, Күлімдеп гүл шапақтар басын иді, Құшақтап майда есекке жел бет-

тен сүйді, Қуаныш сырын айтқан ғашығымдай, Есектің көкірегіме лебі тиді.

Ұлы даладағы қуаныш жел бейнесі арқылы өлеңде елес береді. Даланы кезген жел қуанышты халқы тарапты, халықтың тіршілігіне қозғау салып бара жатқандай әсер етеді. Өлеңде жел хабары мен көктемнің сәнді көркі де үйлесімді жырланады. Ақынның адамның жан дүниесіндегі қуанышты тұрақты түрде бейнелеп жеткізетін ұғымы – жел. Өлеңнің бүкіл өн бойын көктей өтіп үнемі қайталанып отыратын жел де символикалық бейне. Бұл ретте Мағжан еріксіз еске түседі. Демек, Сәкен мен Мағжанның өлеңдеріндегі символдық өрнектердің сырын олардың шығармашылық тұлғасының ерекше сырынан, ойнау-ойлау дағдысынан, көркем сана типінен іздеуге тура келеді.

XX ғасырда Ресей қоғамындағы саяси – әлеуметтік жағдай, осыған орай туындаған ұлттық проблемалар империяның құрамындағы қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, т.б. түрік халықтарының этникалық, тілдік және рухани жағынан жақындаса түсуіне ықпал етті. Мұның бәрі түрік халықтарының саяси – идеялық тұрғыдан өсіп жетілуін жылдамдатыты және ұлттық рухынның оянуы мен нығаюына әсерін тигізді. Түрікшілдік концепциясын насихаттауда сол тұста жарық көрген әдеби-публи-

цистикалық және көркем туындылар айрықша орын иеленді. Әсіресе, баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларда түрік халықтарының ұлттық құндылықтары жөнінен мол мағлұматтар беріліп, түрікше ортақ көрнекті тұлғалардың өмірі мен ерлік істері жайында көп мәліметтер жазылып жатты. Жалпы, түрікшілдік идеясының көзделгені – қамауға түсіп, езіліп, жаншылған халықтардың ұлттық санасын ояту, олардың береке, бірлігіне, басшылық жасау еді. Сәкен де бұл идеяны іле көтеріп әкетіп, «Түркияда жайы» деген мақаласында Мұстафа Кемалдың ерлігін басқаларға үлгі ете сөйлейді. Мағжанның атақты «Түркістан» өлеңіндегі көп жайттарды еске түсіреді. Көк түріктердің Азияға, Африкаға, Еуропаға, яғни жарты әлемге әмірін жүргізгенін мақтаныш сезімімен жазады. Сәкентанудың үлкен білгірі Т.Кәкішев Сәкеннің «Азия» өлеңі Мағжанның «Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдеріндегі ойларымен, идеяларымен үндестігін айтады. Сәкен:

Тындамасаң бұл жалынған сөзімді,

Түсіңбесең, паң ғып ұстап өзіңді, Күшпен үйрет мынаны деп жұмсармын,

Монғұлымды – қиғаш садақ көзімді, – десе, Мағжан:

Қисық көзді Күншығыс, Болсын соңғы бұл жүріс. Күнбатысқа жүрелік,

Желкілдеген туменен, Жер күңіреткен қолменен, Қаласына кірелік, – деп, идея бірлігі ортақ, мотиві мазмұндас өлеңдер жазған. Уақыт туындаған мүдде ортақтығы, мақсат бірлігі екі ақынды да түрікшілдік концепциясын жырлауға итермеледі. Сол себепті, олар тарихи сананы жаңғыртып, түрікшілдікті насихаттады. Бұл қазіргі уақытта түбі бір түркі халықтарына ортақ идея ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, зорлық-зомбылыққа қарсы ұн қату, оған қарсы әрекеттердің туындауы заңдылық. Осы орайда, халықтың өткеніне үңіліп, одан үлгі боларлық өнеге іздеуі, өз құндылықтарын есептеуі, сөйтіп, тәуелсіздікті талап етуі сөзсіз бой көрсетеді. Бұл ретте ұлт әдебиетіндегі зар заман ағымын айтуға болады. Зар заман поэзиясын зерттеген ғалым Бауыржан Омаров былай дейді. «Зар заман өлеңдерінде азаттықты аңсаған қазақтың рухы сақталды. Бұл шығармалардың өзегінде ұлтты езілген құтқару идеясының негізі қаланды». Бұл құбылыс Дулат, Шортанбай, т.б. ақындардың шығармашылығынан жақсы байқалды. Бұлар өздерінен кейінгі әдебиетте айтарлықтай із қалдырды. Себебі, түрлі әдеби ағым өкілдері бір идея төңірегіне топтастыруға ұлттық мүдде итермелейді, мәжбүр етеді. Сөйтіп, ұлт мұқтажын өтеу жолында бұлар бір идея төңірегіне ұйысады.

Патшадан әділдік жоқ еді, Ұлықтар паракор тоқ еді, Бұқара халықты кем тұтқан, Жек көрген, ітімен тең тұтқан, Қоспаған санына адамдық, Айламен ұстаған надан ғып,

Сәкеннің бұл өлеңінен Дулат, Шортанбайлардың рухани болмысы мен мақсат – тілегі айқын байқалды. Сонымен қатар, бұл өлең ұлт қамын жеген, ел ертеніп ойлаған алаш арыстары Ахмет, Міржақыптардың «Маса», «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағындағы мақсат-мұраттарымен де астасып жатыр. Бұл ұқсастықтың негізгі белгілері, біріншіден, осы ақындардың бір мезгілде өмір сүрулері, яғни уақыт тынысы мен замана ахуалының әсері десек, екіншіден, ұлттық сананың да ықпалы болғаны даусыз. Осы тұста зар заман ақындары Дулат, Шортанбайлармен, сондай-ақ, патша саясатын әшкерелеген, ұлт азаттығын аңсаған, қоғамдағы басқа да келеңсіздіктер жөнінде ой қозғаған Ахмет, Міржақыптармен Сәкеннің шығармашылық тұрғыдан үндестік, сәйкестік табуын межелеген жөн. Сонымен қатар, аласапыранға толы тарихи кезең көрінісі көркем шығармаларда қаншалықты дәрежеде байқалғанын анықтау үшін, сол кезде әдеби үрдіске араласқан ақындардың өзара шығармашылық байланыстарының ерекшеліктеріне назар аударған дұрыс.

Нәтижесінде шығармашылық байланыстардың рухани болмысқа әсері, ұлттық ой-сана өрісінің дамуына ықпалы айқындалады.

Қай дәуірде болмасын ақын-жыраулар өз уақытындағы саяси-әлеуметтік құбылыстардың себеп-салдарына тереңірек көз жіберіп, әр алуан мәселелер жөнінде ой бөлісіп, пікір алмасуларын жасап отырған. Уақыт тынысына үнемі дер кезінде үн қосып отыратын олар ұлттық идеяға ұласар тұщымды тұжырымдары мен келелі ой түйінделерін үздіксіз айтып, халықпен бөлісіп отырды дағдыға айналдырған. Сол себепті, олардың тарихи-әлеуметтік жағдайларға сәйкес туындаған, ұлттық мақсат-мұраттар барысында қалыптасқан, халықтың мұн-мұқтажынан пайда болған шығармаларын жаңарған уақыт сұранысына қарай бағалап, қазіргі таным-түсінік тұрғысынан зерделеуге бағыт ұстанған жөн.

Бүгінгі уақыт өткен дәуір әдебиетінің кейбір тұстарын қайта еске алуға, рухани мұраларымызды тереңірек, жан-жақты, әр қырынан әділ бағалай түсуге мүмкіндік беріп отыр. Осыған орай Сәкен шығармаларын, әсіресе оның «Көкшетау», «Аққудың айрылуы», «Ақсақ киік», сонымен қоса, маркстік – лениндік ілімнен ада «Өткен күндер» өлеңдер жинағын қайта бір қарастырып, рухани игілігімізге жарату ендігі міндетіміз.

«Сәкен талас жоқ, ұлы ақын. Бірақ ендігі жерде ақын тұлғасының о жақ, бұ жағын түгел қамтып, таразылай қарайтын кез жетті», – дегенді көрнекті ғалым М.Базарбаев. Ғалымның былай деуінің астарында заман жүз сексен градусқа өзгерген уақытта Сәкен шығармаларын қалай зерттеген дұрыс, күресіне тастауға болмайды, ендігі жерде қайтпек керек деген сан түрлі сауалдың тұрғаны анық. Кеңестік дәуірде жазылған Сәкен Сейфуллин шығармаларының озығы мен тозығын уақыттың өзі таңдап-талғап шығарады деп қол қусырып отыруға және болмайды. Жанрлық, тақырыптық жағынан аса мол шығармашылық мұраны зерттеуші ғалымдар талғамымен сарап-лап, Сәкен ғұмыр кешкен заманның тарихи, қоғамдық жағдайын ескере отырып, сын таразысына салу ләзім. Әрине, бұл көп болып кеңесетін, іргелі зерттеулер жасау арқылы шешілетін түйін. Бұл біздің ғана емес, ұлттық әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе. Осыған орай, Сәкентану ғылымы жаңа қырынан жаңғырып, өзгеше сипатымен ерекшеленуі тиіс.

Мейірман ТАПАШЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент.
Қазтұтынуодағы
Қарағанды университеті

• ТАҒЫМ

Мәдениет майталманын еске алды

Ботақарадағы аудандық Мәдениет үйінде өңір мәдениетін дамытуға көп еңбек сіңірген Бағзи Сайфидинқызы Жекенованы еске алуға арналған «Мәңгі есте жаны жайсаң, көркем мінез» атты кеш өтті. Аудандық орталық кітапхана ұжымы ұйымдастырған бұл тағылымды шарға марқұмның туған-туыстары мен әріптестері, сыныптастары қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағзи Сайфидинқызы 1954 жылдың 29 тамызында осы Ботақара кентінде дүниеге келіп, 2015 жылдың 2 қаңтарында алпыстан енді ғана асқан жасында өмірден озған болатын. Егер тірі болса, ол биыл өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтер еді. Бірақ бүткіл саналы ғұмырының 33 жылын аудан мәдениеті, соның ішінде, кітапхана мен мұражай саласын өркендетуге жұмсаған оның жарқын бейнесі мен ақжарқын, кішіпейіл мінезі, іскерлік және шебер ұйымдастырушылық қасиеті жерлестерінің мәңгі есінде.

Алғаш еңбек жолын кенттегі «Қолақолыч» балабақшасының тәрбиешісі болып бастаған ол 1981 жылы Қарағанды мәдени-ағарту училищесін кітапхана ісі мамандығы бойынша бітіргеннен кейін аудандық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы, осы бөлімнің меңгерушісі, 1985 жылдан 2001 жылға дейін ауданның орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры, бір жылдай жаңадан ашылған аудандық тарихи-өлкетану мұражайының меңгерушісі қызметтерін мінсіз атқарып, жоғарыдағы кітапхана әдіскерлігінен зейнет демалысына шыққан.

Осы жылдар ішінде Бағзи Жекенова кітапхана ісінде білікті маман, жан-жақты басшы ретінде танылып, сонында жақсы аты мен өшпес ізін, қаншама шәкірттерін қалдырды. Солардың бірі, осы кітапхананың қазіргі әдіскері Майгүл Асқарова ұстазының өнегелі өмірі мен елеулі еңбегін елге танытып, есте қалдыру үшін кеш сенариясын жасап, оны бастан аяқ өзі жүргізіп отырды. Сол мақсатта Мәдениет үйінің фойесінде жұртшылыққа Бағзидің өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін көрме ұсынылып, соған қатысты көптеген құжаттар мен фотосуреттер, оның аудандық әкімдік пен облыстық мәдениет басқармасынан алған Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталары, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі қойылыпты.

Тағылымды кешке жиналған жұрт бұдан соң кең залда ашық алаң үлгісінде ұйымдастырылған дөңгелек үстел басына жайғасты. Бұл жерде аудандық кітапхана әдіскерлері Майгүл Асқарова мен Ажар Әбікеева дайындаған «Естен кетпес нұр бейне» бейнефильмі көрсетіліп, «Есімде менің сол күндер» естелік альбомы таныстырылды. Альбомға бұрынғы әріптестерінің, тіпті, Ре-



сей мен Германияға көшіп кеткен адамдардың естеліктері мен бірге түскен суреттерін жинауда Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, Мәдениет қайраткері Мүгілісім Бағзидың екінші үйі болды. Ол 1977 жылы кітапхана жүйесіне келгеннен екеуіміз жақсы тіл табысып, апалы-сіңілілі жандардай жұмымыз жазылмай, көп шаруаны бірлесіп атқардық. Мәселен, сол кездегі аудан әкімі Тілеубек Зейнешевтің өкімімен бізде тұңғыш

рет тарихи-өлкетану мұражайы ашылған кезде оған ауылдарды аралап, 2 мыңдай жәдігерді жинаған да Бағзидің бір өзі. Бүгінде ондағы жәдігерлер саны 12 мыңнан асты. Сол сияқты ол ауданның 70 жылдығына орай шыққан «Аудан ардақтылары» кітабын құрастыруға да белсене атсалысып, кітапханашылар Айман Тақирова, Гулнафис Түспекова, Наталья Огородникпен бірге аудан кітапханашының 31 жылдық тарихын қамтитын «Библиотека, связующая трих веков» кітабын әзірлеп, шығарды. Оның жұртпен қарым-қатынасы, әсіресе, сыңғырлаған

күлкісі қандай еді! – деді. Кеш барысында Бағзидің сүйіп тыңдаған «Ана тілім – аяулы үні» әнін «Самал» фольклорлық ансамблінің көркемдік жетекшісі Азамат Амантайұлы, «Егіз лебіз» әнін аудандық Мәдениет үйінің директоры Қазбек Талашев пен жас өнерпаз Сая Халидолла, ал «Сағым жылдар» әнін Майгүл Асқарованың өзі нәшіне келтірсе шырқап, әсіресе, марқұмның жиені Шахназа Лиясованың құрбыларымен қосыла ыспалы аспаптармен орындаған әуені тыңдаушыларын қатты толқытып, тебірентті.

Марқұм Бағзи Сайфидинқызы жайлы сыныптастары Бәтима Ғалымова, Роза Түспекова, жалғыз бауыры Қырықбайдың жұбайы Қазима Қыздарова, құдай қосқан көршісі Орынтай Есенбекова, әріптестері Орал Нәбиева, Айман Тақирова, Гулнафис Түспекова, қызы Әсия жүрек тебіреніс естеліктер айтып, жиналған елдің көзіне жас алдырды. Сондай-ақ, Бағзидің аудан орталығында Жастар аллеясының ашылу салтанатындағы сөйлегендігі саңқылдаған даусы мен жайдары жүзін көріп, естігенде, ол ортамызға қайта оралып келгенді күйі кешкеніміз анық. Ендеше оның есімі мен асыл бейнесі жүректен өшпек емес.

Еске алу кешінің соңында кенттегі «Бәйтерек» мейрамханасында Бағзи марқұмға арнап ас беріліп, дұға бағышталды.

Бұқар жырау ауданы.

Сурет автордан

• ДЗЮДО

Қос балуанның рухын асқақтатты

Республика күні Балқаш қаласының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек ардагері Сағыжан Аманжолұлы және Қазақстан Республикасының құрметті спорт қайраткері, КСРО спорт шебері Сүйіндік Ариновты еске алуға арналған дзюдодан республикалық турнир өтті. Ағайынды спортшыларды еске түсіруге арналған турнирдың ашылу салтанаты «Балқаш қалалық спорт клубы» кешенінде ұйымдастырылды. Спорттық шараның ашылу рәсіміне облыстық мәслихаттың депутаты Рысқали Әбдікерем, Балқаш қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ізбасар Шәкенов, мемлекеттік қызмет ардагерлері Елемес Түсіпбеков, Мейірман Тәтибеков, спорт ардагері Нұрахым Ермағанов, бөлім басшылары және спортшылар қатысты.



оның талантты ізбасарлары табысты жалғастыра анық. Сондықтан да, жас спортшылардың шеберлігін шыңдауға жетелейтін осындай дәстүрлі жарыстардың алар орны ерекше болары сөзсіз. Өйткені, спорт әрбір жас ұрпақты туған Отанын сүюге, Атамекенін ардақтауға және олардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ерекше ықпал етеді. Спортшыларға сәттілік тілеймін! – деді Рысқали Әбдікерем.

Бұдан кейін боз кілем үстіндегі бәсеке қыза түсті. Жеңіске деген ұмтылыс, қайсарлық бұл жарыста айрықша байқалды. Нәтижесінде қарсыластарынан басым түскен 32 келі салмақта Аңсар Айбат, 35

келі салмақта Аслан Таласбай, 38 келі салмақта Мадияр Сағынған, 42 келі салмақта Аңсар Төлеуғазы, 46 келі салмақта Ерасыл Манатбек, 50 келі салмақта Абдурахман Оңғарсын, 55 келі салмақта Мансур Зейнелгабды, 60 келі салмақта Нұрдәулет Болат, 66 келі салмақта Ислам Халит, 73 келі салмақта Асылбек Кумурзақ, +73 келі салмақта Бектас Рысқұл жарыстың чемпиондары атанды.

Айта кетейік, балуан Сағыжан Аманжолұлы есімі қазақ күресінің негізін қалаушы ретінде күрес жанкүйерлеріне етене таныс. Ол ұзақ жылдар Балқаш қалалық кеңесі атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінде, Жезқазған облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде, Балқаш қалалық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Балқаш кен-металлургия комбинатының партия комитетінің партиялық бақылау комитетінің төрағасы, аталмыш өндіріс орнының идеология жөніндегі хатшысы, мемлекеттік мүлік жөніндегі Балқаш қалалық комитеті төрағасының орынбасары, мемлекеттік мүлік және жекешелендіру жөніндегі Қарағанды аймақтық комитетінің Балқаш, Приозерск қалалары және Ақтоғай ауданы бойынша өкілі сынды қызметтер атқарып, зейнеткерлікке шықты.

Ал, бауыры Сүйіндік Аманжолұлы ҚазКСР-ның самбо бойынша чемпионы, КСРО-ның самбо бойынша спорт шебері атағын алған. Тек даңқты спортшы ғана емес талантты жаттықтырушы ретінде де көпшіліктің құрметіне бөленген азамат.

БАЛҚАШ

Суреттер автордан

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің шымылдығын түріп, спортшыларға сәттілік тілеген Рысқали Әбдікерем турнир маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, бұл турнир дәстүрге айналып, болашақта жыл сайын өтіп тұрады деген жоспар бар. Бұл туралы да айтып өтті.

– Әр доданың спортшыға берер ырзығы мол. Қос балуанның боз кілемде салған сара жолын



• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Маңызы айрықша мейрам

Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектепте Республика күні жоғары деңгейде өтті. Өскеден ұрпақтың бойында патриоттық сезім, Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру көзделді.

Майқудық саябағында Мемлекеттік Ту арқылы ұйымдастырылған челлендж Әлихан ауданы тұрғындарының патриоттық сезімін оятып, Челленджге қатысқан 50 бала мемлекеттік Әнұранды орындап, көше бойы «Алга, Қазақстан!» әнін орындады.

Мереке аясында оқушылар Отанын, туған жерін қорғауға бағытталған халқымыздың талантты ақындырының өлеңдері мен ата-бабаларымыздың өнеге етіп қалдырған даналық сөздерін айтты.

Тарихты парактасак, әлі де білмейтіміз көп. Өйтсе де, өткен күн тарих болып қалары хақ. Тек соны жас ұрпақ санасына күйіп, дәріпесек, нұр үстіне нұр. Оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеу күн тәртібінен түспейді.

Ж.СЕЙТЖАНОВА,
М.НҮРТАЕВА,
Ә.Бөкейхан атындағы мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімдері



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ кепіл мүлкіні сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/н №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Екі бөлмелі пәтер	Қарағанды обл., Қарағанды қ., Әлиханов көш., 26/1 үй, 10 п.	Жалпы ауданы 42,9 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 27,4 ш.м., қабат 3(5) кадастрлық номері: 09:142:125:098:1:10.	14 509 037 теңге	725 452 теңге	2024 жылғы 14 қараша	12 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.
Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабалданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады: Қарағанды обл, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.
Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес банктік күн

ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.
Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.
Сенім білдірілген тұлға – Канат Қалкенович Жундубаев.
Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика залогового имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Двухкомнатная квартира	Қарағандық облыс, Қарағанды қ., Әлиханов д. 26/1, кв. 10	Общая площадь 42,9 кв.м., в том числе жилая площадь 27,4 кв.м., этаж 3(5), кадастровый номер: 09:142:125:098:1:10.	14 509 037 теңге	725 452 теңге	14 ноября 2024 года	12 ч. 00 м

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.
Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.
Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».
Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального

Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.
Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдилова, д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».
Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.
Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

Электр энергетикасы саласындағы заңнама талаптары негізінде, «НұраЭнергия» ЖШС 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап энергиямен жабдықтау шарттарын бұзу туралы хабарлайды.
На основании требований законодательства в области электроэнергетики, ТОО «НұраЭнергия» сообщает о расторжении договора электроснабжения с 1 января 2025 г.

№297

Қарағанды Бөкетов университеті ұжымы Кәсіподақ комитетінің төрағасы Марина Қабылқалымқызы Жүнісоваға аясының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

д

Еске алу

Кеше ғана әдемі әзілімен, ой-нақы күлкісімен «балдыз» деп ойынап ортамызда жүрген асыл жездеміз Балтабай Габбасұлы МОЛДАБЕКОВТИЦ өмірден өткеніне көзді ашып-жұмғанша 5 жыл өтіпті. Жездемізбен жүрген қызықты күндерді жиі еске аламыз. Тәтті естеліктер мен суреттеріне үнілеміз. Соңында қалған өнегелі өмір жолын үлгі тұтып, мақтан етеміз. Біз үшін жездеміздің орны ерекше, балдыздарына белгілі бір бағыт беріп, ықпалын тигізіп, үнемі ақылын айтып, жан-жағына шуағын шашып жүретін. Өте ұқыпты, еңбекқор, аңқылдақ жанның бірі еді. Сіздің әрбір дауысыңыз, айтқан ақыл-парасатыңыз бен жарқын бейнеңіз жаңғырып санамызға нұр себуде...



Жездемізді сағына еске ала отырып, жатқан жері жарық, топырағы мамық, рухы биік болсын деп тілейміз.

Еске алушылар: Шакен ұрпақтары.

№352

• ПІКІР. ҰСЫНЫС. ПРОБЛЕМА

Автобус маршруты ашылса...

Қазақта «Жол мұраты – жезу» деген ой саларлық мақал бар. Мен бір өтінішпен жүгініп отырмын. Жаңадан Қарағанды – Шет ауданы – Қызылқой – Шопа – Нұраталды – Талды ауылдарына қатынайтын автобус маршруты ашылып, көп кешікпей жүргізілсе деген ниет қыламын. Кеңес үкіметінің соңғы жылдарында Талды (бұрынғы Путь Коммунизма) – Қарағанды бағытында автобус қатынаған автовокзалдан. Қазір бұқара халыққа бұл түйткіл қиынға соқтыруда. Тұрғындар көбінесе жекеменшік таксистермен жол жүреді. Жол үстінде жеңіл көлікпен жол-көлік оқиғасына ұшыраған жағдайлар ара-тұра

кездесіп жағдай. Ұсыныс мақұлданды, жұрт көп жиналатын Орталық «Алтын арба» базарынан танертен, түсте қатынайтын жол бағыты ашылып, жолақысы ONAY карточкасымен 1000 теңгедей болса, екі жаққа да тиімді болар еді. Болашақ жана да ескі Қарағанды – Талды автобус маршрутын қайта қалпына келтіруді кенді шаһарымыздағы №3 автобус паркi басшылығы қолға алса деген көпшіліктің баянысын жолдағанды жөн көріп отырмыз!

Дархан УӘЛИЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Қарағанды қаласы

• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Мейірімді жүрек

«Қамқоршылар күні» мерекелеу дәстүрге айналды. Мекені түрлі себептермен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге алып, үлкен жауапкершілікті жүгін арқалаған жандар атап өтті.



Мереке балаларды қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Батыл қадам жасап, бала тәрбиесіне үлес қосып, көпшіліктің алғысына бөленіп жүрген ата-аналар және мектептің әлеуметтік педагогтері қамқоршыларды отбасына барып құттықтады. Қамқоршылар бала тәрбиелеудегі еңбегі үшін мектеп әкімшілігі тарапынан Алғыс хатпен марапатталды.

Осы орайда әлеуметтік педагогтер алақан жылуын, мейірімділікті аңсаған әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, бақыт

сыялау борыш екенін сезінді. Болашағымыз жарқын, ұрпағымыз бақытты болсын десек, бір-бірімізге қамқорлығымызды алғысына бөлініп жүрген ата-аналарға деген жүрек жылуын бөлісуге атсалысып, ыстық ықыластарымызбен бөлісіп, қол созуға шақырамыз. Бөбектерге мейірімділік пен жомарттық танытып жүрген жандарға алғыс білдіреміз.

Жанар ЖҮРГЕМБАЕВА,
№18 мектептің әлеуметтік педагогі

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүзкөліктер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕВ АРҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕВ АРҒАН АУАЛАР САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

• ҚОЛӨНЕР

«Шебердің қолы ортақ»

Төлеуғазы Дүйсенбеков – Арқа жеріндегі қолы алтын шеберлердің бірі. Әсіресе, декоративтік қолданбалы қолөнер шебері. Біз бұл кейіпкерімізбен Қарағандыда өткен «Ортеке» фестивалінде танысып, қолтуындыларына танданыс білдірген едік.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төлеуғазы бала кезінен ағаштан түрлі ою-өрнек жасауға аса құштар болыпты. Оны байқаған үйіндегілер бұл дарынды одан әрі жетілдіру үшін баланың бетін қақпайды, белін буады. Мектеп қабырғасында жүріп, ағаштан ойып жасаған түрлі дүниесіне ауылдағылар таңдай қағады екен. Өнерін әрі қарай шыңдауда оған мектебіндегі «Жас техник», «Натуралист» секілді үйірмелер септігін тигізсе керек.

Қолданбалы қолөнер шебері атанғанға дейін бірнеше жыл оқып, тоқиды. Алматыдағы атақты шебер Қалқаман Тілеухановтан көп тәлім алады.

«Алматыға арнайы барып, атақты қолөнер практигі мен теоретигі, кезінде елімізде теңдесі жоқ «Шеберлер ауылы» құрған Қалқаман Тілеухановтың шәкірті болдым. Көп дүниені сол кісіден үйрендім. Ұстазыммен бірге алғашқы қазақтан шыққан ғарышкер Тоқтар Әубәкіровке музейлік статусы бар заттар жасағанымыз бар. Атақты шебер Қалқаман ағаның жанында 15 жылдай жүргенімді мақтаныш санаймын», – дейді Төлеуғазы Серікбайұлы.

Төлеуғазы шебер бүгінгі күні – «Qatmet»-те ағаш шебері. Жұмысына жауапты ол қолы қалт етсе, үйінің ауласындағы ұстаханада болады.

Ұста темірден нақыштама жасайды. Балқарағай ағашы мен қызыл ағашты, тасты, сүйекті, мүйізді өңдеп, оны көркемдеп, былғарымен қаптапты. Қолөнері-



не Ақтоғай ауылынан арнайылап әкелген тастарды да пайдаланады.

Шебер Қарағанды мен Теміртау қалаларында өтетін көрмелерді қалт жіберген емес. «Qatmet» кәсіпорнының басшылығы Төлеуғазы шебердің дарынын ерекше бағалап, автокөлік сыйлаған.

Мұнымен қоса, Төлеуғазы Серікбайұлы қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын да шебер жасайды. Ұстаханасында тұрған бірнеше домбыраны қайта жаңғырту қажет дейді шебер. Ұстаханасында бұдан басқа тайтуяқ, қобыз секілді басқа да музыкалық аспап тұр.

– Мен жасайтын дүниелерімді әуелі жүз ойланып, мың толғанып аламын. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, ойымда әбден пісіп-жетілгенде ғана жасауға кірісемін. Өрине, ол үшін қиялымдағы дүниенің жалпы сұлбасы қандай болаты-

нын, оның дәуірмен үйлесімділігін ұмыт қалдырмаймын. Сонымен қатар, тарихи кітаптарды оқып, өз таным-көкжиегімді кеңейтемін, ең бастысы, менің жаным сұлулыққа, әдемілікке құмар, сондықтан қолымнан шыққан заттардың талғамы жоғары жұртшылықтың жүрегін жаулап алғанын қалаймын. «Абай жолын» бірнеше рет оқыдым. Сол уақытты сол кітаптардан таптым. Сол арқылы «Хан тағы», «Сұлтанлар отыратын орындық» дүниеге келді, – дейді шебер.

Иә, шебердің үлкен туындысы – өзі айта өткен «Хан тағы». Оның әр фрагментін күмістеп, сүйіктен жасаған.

Төлеуғазы шебер өз шығармашылығын тұрақты жетілдіреді. Ол үй жиһазының түр-түрін жасайды. Өз қолынан шыққан орындық, үстелдер үйінің ішіне ғажап әр беріп тұр. Одан бөлек, «Ортеке», «Биші елік» шекімесі, асық композициясы, тұрмыстық және балаларға арналған орындық, сонымен қатар, ағаштан нақышына келтіре жасаған төсекті осы шебер шапқан.

– Өрбір зат сырт көзге қарапайым болып көрінгенмен, егер көз тоқтатып қарайтын болса, онда әрбір бұйымнан ұлттың ұлағаты мен парасатын, тіршілігінің тынысын аңғаруға болады. Мен мұндай дүниелерді жасағанда ата-бабаларымыздың бойындағы арда қасиеттер мен бауырмалдықты, адамгершілік пен даналықты тұрмыс-тіршіліктегі ұлттық нақыштарды қоса өрнектеуге тырысамын, – дейді Төлеуғазы шебер.

Жақында шебердің қалалық тарихи-өлкетану мұражайында қолданбалы өнерге арналған жеке көрмесі өткен еді. Ұлттық өнерді ұлықтап жүрген ол темір-таулықтарды өзінің шығармашылығымен таныстырып, ұмыт болып бара жатқан ұлттық нақыштағы өнер туындыларымен таныстырудан жалықпайды. Шеберханасына келген әр мейманды ерекше қарсы алатыны да содан.

Қолөнер шебері Төлеуғазы Дүйсенбеков зерек шәкірт тәрбиелегісі келеді. «Осы бір ұлық өнерді лайықты жалғастыратын ізімден біреу ерсе, біз үшін зор еңбек болар еді», дейді ол.

– Қаладағы фестиваль, басқа да мәдени кештерге арнайы қатысамын. Ел ішіндегі өнерлі азаматтарды дәріптеп, қолдау көрсетуге дайынмын. Бірақ, қазіргі жастардың ұлттық қолөнерге зауқы жоқпайды. Ауылдан келген бір бала бар. Жазда сол баланы үйреттім. Құлшынысы бар. Аты – Рахметолла. «Келесі жазда келемін», деп кетті, – дейді қолөнерші Төлеуғазы Серікбайұлы.

Тол туындыларымен талайды таңдай қақтырған Төлеуғазы шебердің қолынан шыққан барлық қолөнері өзі айтпақшы ұлттық рухта сойлейді. Қолөнер осылай сойлесе ғана шебердің шебер екендігі мойындалады. Төлеуғазы Серікбайұлы – сөзсіз мойындалған талант.

ТЕМІРТАУ
Суреттер шебердің мұрағатынан

• КӨРМЕ

Объективтегі ел дидары

Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде «Қазақстанды сүй» деп аталған фотожобаның авторлары – қоғам қайраткері, танымал қазақстандық жазушы, публицист және көркем әдебиетінің дәріптеушісі Жан Ақжанов. Фотожоба республикалық ауқымда ұйымдастырылуда.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәдениетті және туризмді дамытуды мақсат тұтқан жоба Қарағанды облысынан бастау алып отыр. Облыс орталығынан кейін фотожоба Нұра, Осакаров аудандарына және Теміртау мен Саран, Абай қалаларына барады.

Ұзақ сапарын кеншілер шаһарынан бастаған жоба авторы Қазақстан туризмінің дамуына өзіндік үлесін қосқысы келетінін жеткізді.

– Бұл жоба Қазақстан Республикасының Спорт және туризм министрлігінің қолдауымен өтіп жатыр. Бұл көрмеге жалпы саны 27 сурет қойылған. Негізінде, қо-

рымда 50 сурет бар. Суреттерде Қазақстан халқының тыныс-тіршілігі, қалалары, әсем табиғаты және еңбек адамдары қамтылған. Суреттердің тарихы да бөлек әңгіме. Осылайша, елге, жерге деген махаббатымызды жеткізіміз келеді. Көрмеге жастар көбірек келсе деп тілеймін. Өйткені, жастар жаһанды араламас бұрын Қазақстанның келбетін көруі тиіс деп есептеймін.

Суретке түсіру өзіме ұнайды. Әсіресе, әр өңірдің келбетін ашатын детальді суреттерге жаным құмар, – делі Жан Ақжанов.

Сурет автордан

• ФЕСТИВАЛЬ

Бала тіліндегі құндылық

Қарағандыда «Тіл – қазына» әлеуметтік жобасы аясында өткен «Бала тілі – ба» фестивалі мәресіне жетті. Мектепке дейінгі ұйымдардан 4 жасқа дейінгі балдырғандар, оның ішінде, өзге ұлт балаларынан құралған 10 шығармашылық ұжым қатысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль 2 кезең бойынша өтті. Іріктеуде әр шығармашылық ұжым туған өлкенің тарихына, тіліне, табиғатына, мәдениеті мен бай мұраларына сүйсініп-шіліктерін дәріптеу мақсатында дайындаған театрландырылған



қойылымдарын YouTube желісіне жүктеді. – Мектеп жасына дейінгі бала-

лардың қазақ тіліне, туған жеріне деген құрметін оятуға көздедік. Мемлекеттік тілді үйренуге деген

қызығушылықтарын да байқадық. Өрине, ұлттық құндылықтарды насихаттау, өзге ұлт өкілдерінің балаларын тарта отырып, шығармашылық және зияткерлік әлеуетті дамыту да назардан тыс қалмады, – делі

Іріктеуде шығармашылық ұжым дайындаған қойылымдардағы тақырыптың ашылуына, көркем бейнені орындау мәнерлігіне, шығармашылық ерекшелігіне қарай үздік танылған 10 шығармашылық ұжым анықталды.

Көрермендер сахнада өнер көрсеткен балалардың бал тілдеріне, өнерлеріне тәнті болды. Шара соңында барлық балабақша ұжымдары дипломдар, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Сурет ұйымдастырушылардан

• САМБО

Душанбедегі додadan 3 медаль

Тәжікстанның Душанбе қаласында самбодан әлем чемпионаты өтті. Додаға 13 елден 400-ге жуық жасуынгер қатысты. 35 жасқа дейінгі жастағы спортшылар бір алтын және екі қола медаль қанжығалады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болат Манабаев 60-64 жас санатында өз қарсыластарын ұтып, алтын медальға қол жеткізді. Ал, Зейнолла Махметов 55-59 жас санатында қоланы қоржынға салды. Дәурен Есімханов болса, 40-44 жас санатында жүлдеге иілікті.

– Менің салмағымда 11 қатысушы болды. Бірінші жекпе-жекте өзбек спортшысынан басым түсіп, екіншісінде ресейлік спортшыны жеңдім. Жартылай финалда моңғол самбошыларынан жеңіліп қалдым.

Үшінші орын үшін күресте ресейлікте жеңдім. Енді келесі жолы бірінші орын алу үшін қателіктеріммен жұмыс істеймін, – деді Қарағанды облысының олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша

жоғары спорт шеберлігі мектебінің басшысы Дәурен Есімханов.

Қазақстан жалпыкомандалық есепте екінші орын алды. Спортшыларымыздың еңшісінде 11 алтын, 14 күміс, 19 қола медаль бар.

